

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Оқу-ағарту
және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Қоғамдық
кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.
Zoom

№ 2

2025 жылғы 15 сәуір
11.00 сағат

Қатысқандар: Қоғамдық кеңес мүшелері, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры М.Е.Адамова, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және автоматтандыру департаменті директорының орынбасары М.Б.Маралбаева, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру сапасын қамтамасыз ету Комитеті төрағасының орынбасары С.К.Аширов, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры Ж.И.Рахметова, «Қаржы орталығы» АҚ Басқарма төрағасы А.И.Ибраимов, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің төрағасы Н.Ж.Оспанова, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» Білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы» АҚ Басқарма төрағасы М.З.Аманғазы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім комитеті төрағасының орынбасары Ж.П.Карамбаев

Күн тәртібі:

1) Білім беру саласындағы өзекті мәселелер: ваучерлік жүйе, цифрландыру, лицензиялау, жан басына қаржыландыру және басқа да маңызды аспектілер

1.1. Баяндамаларды тыңдап талқылағаннан кейін:

- мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры М.Е.Адамова, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және автоматтандыру департаменті директорының орынбасары М.Б.Маралбаева, білім беру сапасын қамтамасыз ету Комитеті төрағасының орынбасары С.К.Аширов, бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры Ж.И.Рахметова

Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ:**

1.2. Сөз сөйлегендердің баяндамалары назарға алынсын.

1.3. Талқылау нәтижелері бойынша **Оқу-ағарту министрлігіне ұсынылсын:**

1) Ваучерлерді бөлудің ашық критерийлерін әзірлеу;
2) Ваучерлік жүйені ашықтық, адал бәсекелестік және қоғамдық бақылау қағидаттарына негіздеу, барлық техникалық және қаржылық процестердің ашықтығын қамтамасыз ету;

3) Цифрлық инфрақұрылымды дамыту (мектептерде, колледждерде, ауылдық өңірлерде);

4) Лицензиялау үдерісін жеңілдету және автоматтандыру;

5) Жан басына шаққандағы қаржыландыру тек оқушылар санына ғана емес, сонымен қатар білім сапасының нәтижелеріне де тәуелді болу керек.

2) Балалардың құқығын қорғау комитетінің қызметі.

2.1. Баяндаманы тыңдап талқылағаннан кейін:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің төрағасы Н.Ж. Оспанова

Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ:**

2.2. Сөз сөйлегеннің баяндамасы назарға алынсын.

2.3. Талқылау нәтижелері бойынша **Оқу-ағарту министрлігіне ұсынылсын:**

1. Балалардың мүдделерін нақты және жүйелі қорғауды қамтамасыз ету бағытында Балалар құқықтарын қорғау Комитетінің рөлін күшейту, сондай-ақ оның қызметінің тиімділігін, ашықтығын және қоғамдық маңыздылығын арттыру.

3) А.Байтұрсынұлы атындағы ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығының қызметі.

3.1. Баяндаманы тыңдап талқылағаннан кейін:

- «Талдау» Білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы» АҚ Басқарма төрағасы М.З.Аманғазы

Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ:**

3.2. Сөз сөйлегеннің баяндамасы назарға алынсын.

3.3. Талқылау нәтижелері бойынша **Оқу-ағарту министрлігіне ұсынылсын:**

1. «Талдау» орталығының жұмысын жетілдіру мақсатында зерттеу нәтижелерінің ашықтығын арттыру, заманауи деректерді талдау әдістерін енгізу және білім беру ұйымдары мен педагогтармен жергілікті деңгейде ынтымақтастықты кеңейту.

4) Білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес педагогтердің әлеуметтік жағдайына байланысты мәселелерге жалпы мониторинг жүргізу, сондай-ақ осы тақырып бойынша талдамалық немесе зерттеу материалдарын ұсыну.

4.1. Баяндаманы тыңдап талқылағаннан кейін:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру Комитеті төрағасының орынбасары Ж.П. Карамбаев

Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ:**

4.2. Сөз сөйлегеннің баяндамасы назарға алынсын.

4.3. Талқылау нәтижелері бойынша **Оқу-ағарту министрлігіне ұсынылсын:**

1. Педагогтердің әлеуметтік және кәсіби жағдайын жақсарту үшін еңбекақыны арттыру және әлеуметтік қолдау шараларын кеңейту.

Қоғамдық кеңестің
төрағасы

Қоғамдық кеңестің
хатшысы



А. Бектурганов

А. Исаев